



KAZATOMPROM

NATIONAL ATOMIC COMPANY

**«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның
2021 жыл ішіндегі
Корпоративтік басқару кодексінің
қағидадтары мен ережелерін сақтау туралы есебі**

**2022 ж. ақпан
(Нұр-Сұлтан қ.)**

Мазмұны

Кіріспе	3
Негізгі тұжырымдар	4
<i>I. Үкімет Қор акционері ретінде</i>	<i>6</i>
<i>II. Қордағы және ұйымдардағы Корпоративтік басқару жүйесі. Қордың ұлттық басқарушы холдинг ретіндегі рөлі</i>	<i>9</i>
<i>III. Тұрақты даму</i>	<i>10</i>
<i>IV. Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары және акционерлерге (қатысушыларға) әділ қатынас</i>	<i>11</i>
<i>V. Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі</i>	<i>14</i>
<i>VI. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит</i>	<i>16</i>
<i>VII. Ашықтық</i>	<i>18</i>

Кіріспе

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қор) Басқармасының шешімімен (2015 жылғы 27 мамырдағы № 22/15 хаттама) дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы корпоративтік стандартты қолдану үшін міндетті ретінде Қорға тиесілі заңды тұлғалар үшін Корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі - Кодекс) бекітілді.

Кодекстің мақсаты Қор мен ұйымдарда корпоративтік басқаруды жетілдіру, басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету, Қор мен ұйымдардың тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстануға бейілділігін растау болып табылады.

Кодекс Қазақстанда және әлемде дамып келе жатқан корпоративтік басқару тәжірибесін ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қордың ішкі құжаттарына, Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2014 жылғы 17 қыркүйектегі № 113 хаттама) Қордың Трансформациялау бағдарламасына сәйкес әзірленді. Кодекстің ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып қолданылады.

Қор мен ұйымдар Кодекстің ережелерін сақтауға тиіс, сәйкес келмеген жағдайда жылдық есепте ережелердің әрқайсысының сақталмау себептері туралы түсіндірмелерді көрсетуге тиіс. Директорлар кеңесі жеке себептер бойынша кодекстің жекелеген ережелерін қолданбау немесе сақтаудың мүмкін еместігі туралы қорытынды жасай алады. Қор мен ұйымдардың Кодексті орындауын бақылау тиісінше Қордың және ұйымдардың директорлар кеңестеріне жүктеледі. Корпоративтік хатшылар Кодекстің тиісінше сақталуы мәселелері бойынша Қордың және ұйымдардың Директорлар кеңесі мен атқарушы органына мониторинг жүргізеді және кеңес береді, сондай-ақ жыл сайынғы негізде оның қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есеп дайындайды. Кейіннен осы есеп Директорлар кеңесінің тиісті комитеттерінің қарауына шығарылады, Директорлар кеңесі бекітеді және Қордың немесе ұйымның жылдық есебінің құрамына енгізіледі.

Кодекс ережелерін сақтамау жағдайлары Қорда және ұйымдарда корпоративтік басқаруды одан әрі жетілдіруге бағытталған тиісті шешімдер қабылдай отырып, тиісті комитеттер мен директорлар кеңестерінің отырыстарында мұқият қаралуы тиіс.

Кодекстің ережесіне сәйкес Корпоративтік хатшы қызметі оның қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есеп дайындады. "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ (бұдан әрі - Қоғам немесе Компания) Қор бекіткен әдістемеге сәйкес орындалатын Қоғамның корпоративтік басқару рейтингін жыл сайынғы бағалау нәтижелері бойынша қорытындылар мен ұсынымдар негізінде, сондай-ақ Қоғамның IPO-ға шығуы үшін корпоративтік басқару деңгейін сәйкестендіру бойынша PwC тәуелсіз консультантының ұсынымдарына сәйкес жасалып

бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша жұмыс жүргізеді.

Есеп форматы Кодекс тәрізді құрылым мен егжей-тегжейлі деңгейден тұрады. Есеп әрбірінің мынадай құрылымы бар жеті секцияны (Кодекске ұқсас) қамтитын кесте форматында ұсынылған:

- Корпоративтік басқару кодексінің ережесі;
- Кодекстің тиісті ережелеріне қатысты Компаниядағы ағымдағы жағдайдың сипаттамасы;
- сәйкестік деңгейі ("сақталады" / "ішінара сақталады" / "сақталмайды" / "қолданылмайды");

Мониторинг жүргізу келесі негізгі қадамдарды қамтиды:

- 1) Қоғамның қолда бар ақпаратын жинау.
- 2) Сұхбат барысында алынған ақпаратты және Қоғамның ішкі құжаттары мен материалдарын талдау негізінде әр түрлі бағыттар бойынша Gap-талдау жүргізуге жауапты тұлғалардың есеп форматын толтыруы.
- 3) Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің қарауы және Директорлар кеңесінің бекітуі үшін мониторинг нәтижелері туралы есепті шоғырландыру, кейіннен есептің қорытындысын мүдделі тұлғалардың кең ауқымы үшін Қоғамның жылдық есебінің құрамына қосу.


Одан әрі Кодекстің әрбір жеке бөлімі бойынша негізгі қорытындылар берілген.

Ескертпе: Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есептің Қоғамда жыл сайынғы негізде жүргізілетін корпоративтік басқару рейтингін бағалау жөніндегі есепке байланысы жоқ, себебі Корпоративтік басқару рейтингін диагностикалау мен бағалау Қор бекіткен тәуелсіз консультант әзірлеген әдістемеге сәйкес жүзеге асырылады, өз кезегінде ұсынылған есеп тек Кодекстің қағидалары мен ережелерін сақтау/сақтамау талдауының негізінде дайындалды.

Негізгі қорытындылар

Жүргізілген талдау нәтижелеріне сәйкес, іс жүзінде Қоғамда Кодекс ережелерінің 88%-ы сақталады, Кодекс ережелерінің 2%-ы ішінара сақталады (себептерді түсіндіре отырып) және сақталмайтын ережелер жоқ. Бұл ретте Кодекс ережелерінің 10%-ы Қоғамға қолданылмайды.





	Қоғамды Ережелер бағалау, саны	%
Сақталады	88	411
Ішінара сақталады	2%	10
Сақталмайды	0%	0
Қолданылмайды	10	46
Кодекс ережелерінің жалпы саны		467



Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне Компания практикасының сәйкестігін талдаудың негізгі нәтижелері:




Бұдан әрі Есепте Қоғамда қалыптасқан корпоративтік басқару практикасының Кодекстің ережелеріне сәйкестігін егжей-тегжейлі талдау ұсынылған.



I. Үкімет Қор акционері ретінде

Төменде Кодекстің "Үкімет Қордың акционері ретінде" бөлімі бойынша нәтижелер берілген.



корпоративтік басқарудың ағымдағы практикасы Кодекстің талаптарына 47%-ға сәйкес келеді. Қордың қызметіне қатысты болғандықтан, тараудың 49% - 33 ережесі Қоғамға қолданылмайды.

Талдау нәтижелері бойынша осы бөлім бойынша Қоғамдағы

#	Қоғамның Кодекс талаптарына сәйкестігінің негізгі салалары
1 1.	Қоғамның Директорлар кеңесі (бұдан әрі - ДК) 08.02.2018 ж. Қоғамның 2018-2028 жылдарға арналған өзекті Даму стратегиясын бекітті. Қоғам жыл сайынғы негізде Директорлар кеңесінің алдында Даму стратегиясының көрсеткіштеріне қол жеткізу нәтижелері туралы есеп береді. Қоғам менеджменті заңмен, нормативтік-құқықтық актілермен, жарғымен және Компанияның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпке сәйкес оның құзыретіне кіретін шешімдерді қабылдайды.
2 2.	Қоғамның негізгі стратегиялық міндеті — бұл ұзақ мерзімді құнның өсуі және тұрақты даму. Даму стратегиясында айқындалған стратегиялық мақсаттар мен міндеттер негізінде даму жоспарлары (Бизнес-жоспарлар) әзірленеді. Қоғам мен ұйымдардың органдары, лауазымды адамдары мен қызметкерлері даму стратегиясына және Жарғыға сәйкес әрекет етеді және шешімдер қабылдайды.
3 3.	Қоғам мен акционерлердің өзара қарым-қатынасы Компанияның Жарғысымен, ҚР Акционерлік қоғамдар туралы Заңымен, ҚР Ұлттық әл-ауқат қоры туралы Заңымен анықталған. Қоғам Жарғысында оның органдары және олардың құзыреті белгіленген: Акционерлердің жалпы жиналысы, ДК, Басқарма, ішкі аудит қызметі (бұдан әрі - ІАҚ), сондай-ақ олар тиісті органдар туралы ережелерде (Директорлар кеңесі туралы ереже, Басқарма туралы ереже, қоғамның ІАҚ туралы ереже және т.б.) көрсетілген.
4 4.	Компания Әдеп және комплаенс кодексін (бұдан әрі - "ӘКК") бекітті (Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 26 қарашадағы № 13/20 шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтыруларды қоса Қоғамның Директорлар кеңесінің 26.09.2018 жылғы №8/18 шешімімен бекітілді). Компанияда ӘКК және Компания саясаттарының бұзылуы туралы мәліметтерді жинауға бағытталған тетіктер бар. Компания Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясатын бекітті (Директорлар кеңесінің 27.11.2019 жылғы №11/19 шешімімен бекітілді), сондай-ақ Қоғамның сайтында, Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясатында жасырын қоңыраулар мен хаттар үшін көрсетілген "жедел желі" және электрондық мекенжай бар. Қолданыстағы тетік корпоративтік әдепті бұзу мәселелері бойынша аудит жөніндегі Комитетке тікелей мәлімдеуге мүмкіндік береді. ӘКК Компанияның қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларына таралады және орындау үшін міндетті болып табылады.

- Компания Омбудсменнің болуын қамтамасыз етті, оның міндетіне ӘКК ережелерін түсіндіру және іскерлік әдепті, заңнаманы немесе Компания саясаттарын бұзуға байланысты барлық жағдайларды қарауды ұйымдастыру кіреді. Омбудсмен тәуелсіз болып табылады және іскерлік әдеп,
- 4
5. Компанияның саясаттарын немесе заңнаманы сақтау саласындағы кез келген мәселелерді Компанияның басшылығы мен ДК деңгейіне шығару үшін жеткілікті жоғары мәртебесі мен есеп беру деңгейі бар.

Алайда талдау нәтижелері бойынша Қоғамдағы корпоративтік басқарудың ағымдағы практикасы Кодекс талаптарына 4%-ға ішінара сәйкес келеді. Қазіргі уақытта Қоғамның корпоративтік басқару практикасы Кодекстің төменде көрсетілген талаптарына сәйкес келмейді немесе ішінара сәйкес келеді және корпоративтік басқару практикасын Кодекс ережелеріне сәйкес келтіру үшін келесі іс-шараларды ұсынады:

#	<i>Кодекстің негізгі талаптарына сәйкессіздік салалары</i>	<i>Түсініктемелер және Енгізу үшін іс-шаралар</i>
---	--	---

<p>1 1.</p>	<p>Қор мен Қоғамдарда активтердің оңтайлы құрылымы құрылуы тиіс. Қор мен компаниялар өз активтерінің құрылымын және олардың ұйымдық-құқықтық нысандарын барынша жеңілдетуге ұмтылуы тиіс</p>	<p>Кодекске сәйкес, холдингтік компания (Қазатомөнеркәсіп) акционерлік қоғам нысанында құрылуы мүмкін. Басқа ұйымдардың сол топтың шегінде жауапкершілігі шектеулі серіктестік ретінде құрылуы ұсынылады. Құрылған акционерлік қоғамдарды жауапкершілігі шектеулі қоғам етіп қайта құру туралы мәселені қарау ұсынылады. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша топта - 36 ЕТҰ, 2-деңгейлі 30 ЕТҰ, 3-деңгейлі 6 ЕТҰ бар. 2-деңгейлі 30 ЕТҰ-дан: 20 ЖШС ҚР-нда, 5 АҚ ҚР-нда, 3 АҚ - РФ-нда, Украинада, 2 шетелдік компания. 3-деңгейлі 6 ЕТҰ-дан - ҚР аумағында 4 ЖШС, 1 компания - Қытайда, 1 - РФ-нда. 2-деңгейлі 30 ЕТҰ-дан - 100% топта (дауыс беруші) - 7, 50 және одан да астам % топта - 11, топтан тыс (5-50%) - 7. 3-деңгейлі ЕТҰ - топта - 3, топтан тыс (5-50%) – 1, шетелдік компания – 2. Қазіргі уақытта бизнесті трансформациялау және активтерді қайта құрылымдау бағдарламасы шеңберінде Қоғам негізгі (бейінді) қызметті бөлу, активтер құрылымын оңайлату, ҚР аумағында жеке бизнеспен бәсекелестікті болдырмау үшін қызмет саласынан шығу мақсатында жұмыс жүргізуде. Сонымен қатар, Қоғам бейінді емес активтерді іске асыру бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізуде. Тәуекелдерді талдау және экономикалық әсерді талдау нәтижелері негізінде, Қоғамның уәкілетті органдары барлық қажетті шешімдерді қабылдаған жағдайда ЖШС қайта ұйымдастыруды жүргізу</p>
-----------------	--	--

	үшін АҚ-ның басқа қатысушыларымен келіссөздер жүргізілуі мүмкін. Осы іс-шаралар сондай-ақ орта мерзімді кезеңге арналған қайта құрылымдау жоспарында көзделуге тиіс.
--	--

<p>2 2.</p>	<p>Ұйымдар өз қызметін өзінің негізгі (бейінді) қызметі шеңберінде жүзеге асырады. Қызметтің жаңа түрлерін жүзеге асыруға осы нарықта бәсекелестік болмаған немесе Қор мен ұйымдардың қатысуы шағын және орта бизнесті дамытуға ықпал ететін жағдайда жол беріледі</p>	<p>Сыртқы консультант 2015 жылдың бірінші тоқсанында бизнесті трансформациялау бағдарламасы шеңберінде жүргізген талдау нәтижелері бойынша жеке ЕТҰ өз қызметін бәсекелестік ортада жүзеге асыратыны анықталды. Қазіргі уақытта бизнесті трансформациялау және активтерді қайта құрылымдау бағдарламасы шеңберінде Қоғам негізгі (бейінді) қызметті бөлу, активтер құрылымын оңайлату, ҚР аумағында жеке бизнеспен бәсекелестікті болдырмау үшін қызмет саласынан шығу мақсатында жұмыс жүргізуде. Сонымен қатар, Қоғам 2013 жылдан бастап бейінді емес активтерді конкурстық негізде бәсекелестік ортаға сату бойынша жұмыс жүргізеді.</p>
<p>3 3.</p>	<p>Қор ұйымдарында акциялардың бақылау пакетінің (қатысу үлестерінің) болуы және сақталуы ұсынылады</p>	<p>Қоғамның 36 ЕТҰ-ның 7-і Қоғамға тиесілі дауыс беруші акциялардың мөлшері 10%-дан 100%-ға дейін (2 АҚ РФ аумағында – кем дегенде 1% акциялар) құрайтын Акционерлік қоғамдар (АҚ) болып табылады. 24-ы қатысу үлесі 5%-дан 100%-ға дейінгі жауапкершілігі шектеулі серіктестік (ЖШС), 3-і шетелдік компания болып табылады.</p> <p>Қоғамның ЕТҰ-ның басқа қатысушыларымен бақылау акциялар пакеттерін (қатысу үлестерін) сатып алу бойынша келіссөздер жүргізілуі мүмкін. Осы іс-шаралар сондай-ақ орта мерзімді кезеңге арналған қайта құрылымдау жоспарында көзделуге тиіс.</p>

4 4.	<p>Болжамды бұзушылықтар туралы хабарламалар тікелей ІАҚ немесе Қордың не ұйымның Директорлар кеңесіне жіберілуге тиіс. Қауіпсіздік қызметін қоса алғанда, атқарушы орган және оның барлық құрылымдық бөлімшелері болжамды бұзушылықтары туралы хабарламаларды ІАҚ-не немесе Директорлар кеңесіне беруге кедергі келтірмеуге тиіс</p>	<p>Қоғам Омбудсмен қызметінің және Комплаенс қызметінің болуын қамтамасыз етті, олардың міндеттеріне КӘКК ережелерін түсіндіру және іскерлік әдепті, заңнаманы немесе Компания саясаттарын бұзуға байланысты барлық жағдайларды қарауды ұйымдастыру кіреді.</p> <p>Омбудсмен және Комплаенс қызметі атқарушы органнан тәуелсіз болып табылады және іскерлік әдеп, Компанияның саясаттарын немесе заңнаманы сақтау саласындағы кез келген мәселелерді Компанияның басшылығы мен ДК деңгейіне шығару үшін жеткілікті жоғары мәртебесі мен есептілік деңгейі бар.</p> <p>Компанияда КӘК және Компания саясаттарының бұзылуы туралы мәліметтерді жинауға бағытталған тетіктер бар. Компания "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚРЗ және "Парақорлыққа қарсы күрес туралы" Ұлыбритания Заңына енгізілген жаңалықтарға сәйкес Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясатының жаңа редакциясын бекітті (Директорлар кеңесінің 27.11.2019 жылғы №11/19 шешімі), сондай-ақ Қоғамда тәуелсіз жеткізуші әкімшілік ететін құпия хабарларға арналған арна бар. Қолданыстағы тетік корпоративтік әдепті бұзу мәселелері бойынша аудит жөніндегі Комитетке тікелей мәлімдеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, осы функционал КБК-не сәйкес ІАҚ-не жүктелуі тиіс.</p>
---------	---	--

#	<i>Қорытынды: Кодекстің негізгі талаптарына сәйкес келмеуіне қатысты Қоғамға әлеуетті теріс әсері</i>
1.	Жалпы, Қоғамның жариялық мәртебесі мен Қоғам қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, өзінің Корпоративтік басқару кодексін әзірлеу қажет екенін атап өткен жөн. Бұл ретте Қоғамға қатысты қолданылатын «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексі миноритарлық акционерлердің алаңдаушылығын тудыруы мүмкін.
2.	Қоғамның ЕТҰ-дағы акциялардың бақылау пакетінің (қатысу үлестерінің), атап айтқанда, өндіруші кәсіпорындарда болмауы өткізу нарықтарын өндіріс көлемін бақылауды жоғалту тәуекеліне, Қоғамның әлемдік нарықтағы үлесінің төмендеуіне және соның салдарынан әлемдік нарықтағы бағаға әсер ету мүмкіндігіне әкеп соғады. Сондай-ақ толық емес (жоспарланған) көлемде ЕТҰ-дан дивидендтер алу тәуекелі бар.
2 3.	Кодекс ережелерінің Қоғамның басқа ішкі құжаттарымен сәйкес келмеуі акционерлерді де, әлеуетті инвесторларды да жаңылыстыруға әкелуі мүмкін.

II. Қордағы және ұйымдардағы Корпоративтік басқару жүйесі. Қордың Ұлттық басқарушы холдинг ретінде рөлі




Төменде Кодекстің "Қордағы және Ұйымдардағы корпоративтік басқару жүйесі. Қордың Ұлттық басқарушы холдинг ретіндегі рөлі" тарауы бойынша талдау ұсынылған.

Талдау нәтижелері бойынша осы тарау бойынша Компаниядағы корпоративтік басқарудың ағымдағы практикасы Кодекстің талаптарына 90%-ға сәйкес келеді. 10% - 3-тараудың ережелері IPO-ға және соның салдарынан Қордың Қоғамның жалғыз акционері мәртебесін жоғалтуына байланысты Қоғамға қолданылмайды.

#	Қоғамның Кодекс талаптарына сәйкестігінің негізгі салалары
1.	Қоғамда және ұйымдарда органдар мен құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер, сондай-ақ тиісті ұстанымдарға арналған лауазымдық нұсқаулықтар бекітілді. Осы құжаттардың ережелерін сақтау корпоративтік басқару үдерістерінің жүйелілігі мен реттілігін қамтамасыз етеді.
3.	Қор акционердің (қатысушының) функцияларын іске асыру арқылы Қоғамды басқаруға, сондай-ақ Компанияның жарғыларында және Кодексте белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесі арқылы қатысады
4.	Компанияның Директорлар кеңесі тоқсан сайынғы негізде орта мерзімді даму жоспарын (Бизнес-жоспарды), ПӘК, олар бойынша шешімді Қоғам Басқармасы қабылдайтын мүдделілік мәмілелерін орындау мәселелеріне арналған отырыс өткізеді. ДК жыл сайын бюджетті, ПӘК, инвестициялық және қаржылық жоспарларды қамтитын Стратегияны және даму жоспарын (Бизнес-жоспарды) іске асыру нәтижелерін қарайды.
5.	Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Жарғысында белгіленген өз құзыреті шеңберінде шешімдер қабылдауда толық дербестікке ие.
#	Қорытынды: Кодекстің негізгі талаптарына сәйкес келмеуіне қатысты Қоғамға әлеуетті теріс әсері
1	Жоқ.

III. Тұрақты даму




Төменде Кодекстің "Тұрақты даму" тарауы бойынша талдау нәтижелері берілген.

Талдау нәтижелері бойынша осы тарау бойынша Қоғамдағы корпоративтік басқарудың ағымдағы практикасы Кодекстің талаптарына 100%-ға сәйкес келеді.

Атап айтқанда, Қоғам Кодекстің мынадай негізгі талаптарын орындайды:

#	Қоғамның Кодекс талаптарына сәйкестігінің негізгі салалары
	"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ Басқармасының 18.03.2021 жылғы № 10/21 шешімімен жаңа редакциядағы "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ Стейкхолдерлер картасы бекітілді.
1	Қоғамның Директорлар кеңесі «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ тұрақты даму саласындағы Корпоративтік саясатын бекітті («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің күндізгі отырысының 20.02.2020 № 1/20 хаттамасынан үзінді), онда мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл саласындағы негізгі қағидаттар мен басымдықтар айқындалады.
1.	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ тұрақты даму саласындағы корпоративтік саясаты Қоғамның жалпы корпоративтік даму стратегиясына сәйкес келеді.
2	Қоғамның Директорлар кеңесі тоқсан сайын компанияның даму жоспарын (Бизнес-жоспарын) орындау мәселелеріне арналған отырыс өткізеді және
2.	жыл сайын барлық мүдделі тараптарды тарта отырып, даму стратегиясын іске асыру мәселелеріне арналған отырыс өткізеді. Қоғам қызметінің нәтижелерін бағалау кезінде Директорлар кеңесі Қоғамды ұқсас компаниялармен салыстырады.
3	Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты мүдделі
3.	тараптарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы хабардар ету шараларын көздейді.
4	Қоғам жыл сайын тұрақты даму жөніндегі бөлімді қамтитын жылдық есепті
4.	(біріктірілген жылдық есепті) жариялайды.
#	Қорытынды: Кодекстің негізгі талаптарына сәйкес келмеуіне қатысты Қоғамға әлеуетті теріс әсері
	Жоқ.

III. Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары және акционерлерге (қатысушыларға) әділ қатынас



Төменде Кодекстің "Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары және акционерлерге (қатысушыларға) әділ қатынас" тарауы бойынша талдау нәтижелері берілген.

Талдау нәтижелері бойынша осы тарау бойынша Қоғамдағы корпоративтік басқарудың ағымдағы практикасы Кодекстің талаптарына 83%-ға сәйкес келеді. Атап айтқанда, Қоғам Кодекстің мынадай негізгі талаптарын орындайды:

#	Қоғамның Кодекс талаптарына сәйкестігінің негізгі салалары
1	Акционерлер (қатысушылар) мен инвесторлар ұйымның қызметі туралы мыналар арқылы ақпарат алады: 1) жылдық есеп, оның ішінде Директорлар кеңесінің есебі және аудиттелген жылдық қаржылық есептілік (осы тармақтың аудиттелген есептілік бөлігіндегі нормалары, егер жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе ұйымның ішкі құжаттарында көзделген болса, қолданылады); 2) ұйымның қызметі туралы өзекті ақпаратты көрсететін акционерлер (қатысушылар) мен инвесторлар үшін бөлімі бар ұйымның интернет-ресурсы; 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында, ұйымның құрылтай және ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен ұйымға сұраулар жіберу арқылы ақпарат пен құжаттарды алу мүмкіндігі; 4) ұйым тарататын баспасөз хабарламалары мен өзге де ақпараттық материалдар; 5) ұйым өткізетін брифингтер; 6) ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес өзге де тәсілдер.
2	Ұйымда алынған пайданы тиімді бөлу мақсатында дивидендтердің мөлшерін анықтау мен төлеудің айқын және ашық тетігі (Қоғамның Дивиденд саясаты) анықталды.
3	Дивидендтер акционерлердің (жалғыз акционердің) жалпы жиналысының шешімімен белгіленген мерзімде төленеді.
4	Қоғамда инвесторлармен байланысты қолдау, акционерлердің сұрақтарына уақытылы және сапалы жауап беруді қамтамасыз ету функциялары кіретін Инвесторлармен жұмыс жөніндегі департамент (IR) бар.
5	АЖЖ материалдары Қоғамның интернет сайтында жарияланады. Акционерлер мен инвесторлар үшін байланыс деректері АЖЖ шақыру туралы жарияланымдарда, баспасөз парақтарында және т.б. көрсетіледі.

Талдау нәтижелері бойынша Қоғамдағы корпоративтік басқарудың ағымдағы практикасы осы тарау бөлігінде Кодекстің талаптарына толық көлемде 13%-ға сәйкес келмейді. Негізгі сәйкессіздіктер акционерлердің жалпы жиналысының жұмыс регламентін нақтылаумен, институционалдық инвесторларға қойылатын талаптарды белгілеумен және Қоғамның Дивиденд саясатындағы кейбір нақтылаумен байланысты.

#	<i>Кодекстің негізгі талаптарына ішінара сәйкестік және толық сәйкессіздік салалары</i>	<i>Түсініктемелер және Енгізу үшін іс-шаралар</i>
2 1.	Акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысын өткізу тәртібі мен рәсімдері барлық акционерлерге (қатысушыларға) тең қатынасты қамтамасыз етуге тиіс. Корпоративтік рәсімдер негізсіз қиындатпауы немесе дауыс беру рәсімінің шығындарымен ауыртпалық түсірмеуі тиіс	Қоғам «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережені әзірледі, оны 2022 жылғы 26 мамырда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының бекітуіне шығару жоспарлануда.
2 2.	Сенім білдірілген тұлға ретінде әрекет ететін институционалдық инвесторлар өздері жүзеге асырған инвестицияларға қатысты меншік құқығына әсер етуі мүмкін мүдделердің елеулі қақтығыстарын қалай шешетіні туралы хабарлауы тиіс. Институционалдық инвестор деп Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инвестицияларды жүзеге асыру мақсатында қаражат тартатын заңды тұлға, мысалы, әр түрлі қаржы құралдарына (сақтандыру және зейнетақы қорлары, инвестициялық компаниялар) кейіннен инвестициялау үшін халықтың, компаниялардың немесе кәсіпорындардың бос қаражатын шоғырландыратын ірі қаржы ұйымдары түсініледі.	Мұндай норма Қоғам Жарғысының 26-тармағында (акционердің міндеттері) көзделмеген. Қоғам Қоғамның жарғысына тиісті түзетулер енгізу мүмкіндігін қарастыруы және институционалдық инвесторлардан кері байланыс алуы қажет.

3 3.	<p>Ұйымдардың тұрақтылығы мен төзімділігін қамтамасыз ету мақсатында институционалдық инвесторлар ұйымдарда акцияларды (қатысу үлестерін) сатып алған жағдайда, сенімді тұлға ретінде әрекет ететін институционалдық инвесторлар өзінің корпоративтік басқару саясатын және инвестордың компаниясында шешімдер қабылдаудың қолданыстағы рәсімдерін қоса алғанда, олардың инвестициялық қызметті жүзеге асыру регламентін ашуы тиіс. Институционалдық инвестор деп Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инвестицияларды жүзеге асыру мақсатында қаражат тартатын заңды тұлға, мысалы, әр түрлі қаржы құралдарына (сақтандыру және зейнетақы қорлары, инвестициялық компаниялар) кейіннен инвестициялау үшін халықтың, компаниялардың немесе кәсіпорындардың бос қаражатын шоғырландыратын ірі қаржы ұйымдары түсініледі.</p>	<p>Мұндай норма Қоғам Жарғысының 26-тармағында (акционердің міндеттері) көзделмеген. Сонымен қатар, кейбір институционалдық инвесторлардың интернет-сайттарында осындай ақпарат жарияланды. Қоғам Қоғамның жарғысына тиісті түзетулер енгізу мүмкіндігін қарастыруы және институционалдық инвесторлардан кері байланыс алуы қажет.</p>
---------	---	--

4 4.	Ұйым акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының маңыздылығы ұйымды басқаруға қатысатын барлық лауазымды тұлғалардың міндетті түрде қатысуын (шақырған жағдайда) болжайды	Қоғамның Жарғысына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысына шақырылған тұлғалар қатыса алады, олар жиналыс төрағасының рұқсатымен отырысқа қатысуға құқылы. Сонымен қатар, мұндай отырысқа барлық лауазымды тұлғалардың (атап айтқанда, Басқарма мүшелерінің) міндетті қатысуы көзделмеген. Қоғам «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережені әзірледі, оны 2022 жылғы 26 мамырда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының бекітуіне шығару жоспарлануда.
5.	Ұйымда акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының жұмыс регламенті әзірленуі тиіс, онда акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысын өткізу тәртібі айқындалады, онда күн тәртібіндегі мәселелерді тиісінше талқылау және шешімдер қабылдау, лауазымды тұлғалардың сөз сөйлеуі және өзге де мәселелер көзделеді.	Қоғам «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережені әзірледі, оны 2022 жылғы 26 мамырда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының бекітуіне шығару жоспарлануда. Заңнама мен Қоғам Жарғысының қолданыстағы ережелері акционерлердің жалпы жиналысына Қоғам акционерлерінің құқықтарына қысым жасамай өз қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.
6 6.	Акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысында дауыс беру үдерісі ұйым Жарғысының ережелерін ескере отырып, дауыс берудің барлық ықтимал тәсілдерін пайдаланып, акционер (қатысушы) үшін барынша қарапайым және ыңғайлы болуы тиіс.	Қоғам «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережені әзірледі, оны 2022 жылғы 26 мамырда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының бекітуіне шығару жоспарлануда. Дауыс берудің егжей-тегжейлі үдерісін Қоғамның осы құжатында регламенттеу жоспарлануда. Қазіргі уақытта Қоғам қолданыстағы заңнама мен Қоғам Жарғысының ережелерін басшылыққа алады.

Қорытынды: Кодекстің негізгі талаптарына сәйкес келмеуіне қатысты Компанияға әлеуетті теріс әсері

I Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы жұмысының егжей-тегжейлі регламентінің болмауы Акционерлердің жалпы жиналысы отырысының барысында заңнамамен және Қоғам Жарғысымен реттелмеген бөлігінде белгілі бір қиындықтарға әкеп соғуы мүмкін, бұл акционерлердің олардың құқықтарын сақтаудағы сенімін төмендетуі мүмкін. Бұл ретте қазіргі уақытта Қоғам «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережені әзірледі, оны 2022 жылғы 26 мамырда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының бекітуіне шығару жоспарлануда.

IV. Директорлар кеңесінің және Атқарушы органның тиімділігі

Төменде Кодекстің "Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі" тарауы бойынша талдау нәтижелері берілген.



Талдау нәтижелері бойынша осы тарау бойынша Қоғамдағы корпоративтік басқарудың ағымдағы практикасы Кодекстің талаптарына 96%-ға сәйкес келеді. Атап айтқанда, Қоғам Кодекстің мынадай негізгі талаптарын орындайды:

#	Қоғамның Кодекс талаптарына сәйкестігінің негізгі салалары
1	"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелері акционер (акционерлер) алдындағы фидуциарлық міндеттерді және қабылданатын шешімдерді, өз қызметінің тиімділігін, әрекетін және/немесе әрекетсіздігін қоса алғанда, Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындауға дербес жауапты болады.
2	Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі кейіннен қайта сайлау құқығымен үш жылдан аспайды, бұл Компанияның Жарғысында, Директорлар кеңесі туралы ереже мен Корпоративтік басқару кодексінде нақты бекітілген.
3	Қоғамның Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінде ұйым мүддесінде және барлық акционерлерге әділ қарым-қатынасты және тұрақты даму қағидастарын ескере отырып, тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылар, тәжірибе мен білім теңгерімі сақталуы тиіс.
4	Бірнеше акционерлері бар ұйымдарда Директорлар кеңесінің мүшелерін және Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау үдерісі "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Ұйымның Жарғысында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Көрсетілген ұйымдарда Директорлар кеңесінің құрамын, қажетті дағдылары мен құзыреттерін және Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттарды айқындауға ұйымның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетті тарту ұсынылады.
5	Үкімет мүшелерінің, Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының қатысуына жол берілмейді.
6	Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің қызметін бағалау жыл сайын және тәуелсіз консультантты тарта отырып, әрбір 3 жылда жүргізіледі.
7	Компания "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ Корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығыстарын реттеу жөніндегі ережені жаңа редакцияда (18.09.2019 жылғы №9/19 хаттама) бекітті, ол мүдделер қақтығысы ұғымын, мүдделер қақтығысының ықтимал жағдайларының тізбесін айқындайды, іс жүзінде іске асырылатын атқарушы органдар мүшелерінде және компанияның басқа да қызметкерлерінде мүдделер қақтығысын реттеу рәсімін бекітеді.
8	Компания Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 4 желтоқсандағы шешімімен (№ 14/20 хаттама) «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің мұрагерлік жоспарын қалыптастыру қағидаларын бекітті. Сонымен қатар, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамындағы лауазымдарға мұрагерлердің ішкі тізбесіне енгізу үшін кандидаттар қабылданды.

Алайда талдау нәтижелері бойынша Қоғамдағы корпоративтік басқарудың ағымдағы практикасы Кодекстің талаптарына ішінара 1%-ға сәйкес келеді. Қазіргі уақытта Қоғам жаңа Кодекстің төменде көрсетілген негізгі талаптарына ішінара сәйкес келеді және корпоративтік басқару практикасын Кодекстің ережелеріне сәйкес келтіру үшін келесі іс-шараларды ұсынады:

#	<i>Кодекстің негізгі талаптарына сәйкессіздік салалары</i>	<i>Түсініктемелер және Енгізу үшін іс-шаралар</i>
1	<p>Қосымша ірі акционерлер (жалғыз акционер) Даму стратегиясы мәселелерін, атқарушы органның бірінші басшысын сайлау және ұзақ мерзімді құнның өсуіне және ұйымның тұрақты дамуына әсер ететін басқа да аспектілерді талқылау үшін Директорлар кеңесінің төрағасымен және мүшелерімен отырыстар өткізе алады. Мұндай отырыстар алдын ала жоспарланады және бекітілген рәсімдерге сәйкес өткізіледі</p>	<p>Қажет болған жағдайда "Самұрық-Қазына" АҚ өкілдері Даму стратегиясы мәселелерін, атқарушы органның бірінші басшысын сайлау және компанияның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және тұрақты дамуына әсер ететін басқа да аспектілерді талқылау үшін Директорлар кеңесінің төрағасымен және мүшелерімен отырыс өткізді. Мұндай отырыстар алдын ала жоспарланады және бекітілген рәсімдерге сәйкес өткізіледі.</p>

2 2 .	<p>Директорлар кеңесінің құрамында тәжірибе, жеке мінездемелер және гендерлік құрам бойынша әртүрлілікті қамтамасыз ету қажет. Директорлар кеңесінің құрамына қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігін және барлық акционерлерге әділ қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін жеткілікті мөлшерде тәуелсіз директорлар кіруі тиіс. Компанияның Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының елу пайызын құрайды</p>	<p>ДК сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, ДК төрағасын, оның мүшелерін сайлау (тағайындау) және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ ДК мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы мен шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады. "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ Жарғысына, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге және "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ Корпоративтік басқару кодексіне және Қордың тиісті ережелеріне сәйкес орындалады. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің саны 8 адамды құрайды. Құрамның кемінде 30%-ы тәуелсіз директорлар болуы тиіс (8 мүшенің 4-і – 50% тәуелсіз директор болып табылады). Қоғамның ДК құрамының гендерлік белгісі бойынша әртүрлілігі ішінара сақталады (8 мүшенің 2-і – 25% әйел жынысының өкілдері болып табылады).</p>
-------------	---	--

3	<p>Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы деңгейі ұйымды табысты басқару үшін талап етілетін осындай деңгейдегі Директорлар кеңесінің әрбір мүшесін тарту, ұстап қалу және уәждеу үшін жеткілікті болуы тиіс. Ұйымның Директорлар кеңесінің мүшесіне сыйақы белгілеу Қор әзірлейтін әдіснамаға сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте осы тұлғаның Директорлар кеңесінің құрамына қатысуынан ұйым үшін күтілетін оң нәтиже назарға алынуы тиіс. Бірнеше акционерлері бар ұйымдарда Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы берудің тиісті қағидалары Қордың әдіснамасы негізінде әзірленеді және акционерлердің жалпы жиналысында бекітіледі. Ұйымның Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеті тәуелсіз директорларға кандидаттардың сыйақы мөлшері бойынша ұсыныстар енгізеді.</p>	<p>Компанияның ДК тәуелсіз директорларына "Самұрық-Қазына" АҚ әдіснамасына сәйкес сыйақы төленеді. Сыйақы мөлшері Компанияның Жылдық есебінде ашылады.</p> <p>Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру саясатында, егер Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі отырыстарының 50%-дан кеміне қатысқан немесе сырттай дауыс беруге қойылған мәселелердің 50%-дан кемі бойынша толтырылған бюллетеньдерді ұсынған жағдайда, барлық сыйақыны төлемеу көзделген.</p> <p>2021 жылғы 20 мамырда Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу және шығыстарды өтеу қағидаларын бекітті.</p>
#	<p>Қорытынды: Кодекстің негізгі талаптарына сәйкес келмеуіне қатысты Компанияға әлеуетті теріс әсері</p>	
1	<p>Жоқ.</p>	

V. Тәуекелдерді басқару, Ішкі бақылау және аудит

Төменде Кодекстің "Тәуекелдерді басқару, Ішкі бақылау және аудит" тарауы бойынша талдау нәтижелері берілген.



Талдау нәтижелері бойынша осы тарау бойынша Қоғамдағы корпоративтік басқарудың ағымдағы практикасы Кодекстің талаптарына 97%-ға сәйкес келеді. Атап айтқанда, Қоғам Кодекстің мынадай негізгі талаптарын орындайды:

#	Компанияның Кодекс талаптарына сәйкестігінің негізгі салалары
1 1	Тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесі "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" АҚ қызметінің және Даму стратегиясының негізгі элементі болып табылады. Дәл және уақтылы анықтау, бағалау, мониторинг және тәуекелдерге ден қою басқарудың барлық деңгейінде шешімдер қабылдауға және "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" АҚ қызметінің стратегиялық мақсаттары мен негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.
1	"Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" АҚ-да Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесінің қызметін ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыратын тәуекелдерді басқару жөніндегі қызметті ұйымдастыруға жауапты құрылымдық бөлімше құрылды. Қоғам кәсіпорындарында тәуекелдерді басқаруға жауапты жеке құрылымдық бөлімшелер құрылды немесе тәуекел-менеджерлер тағайындалды.
2 2	Қоғам Басқармасы ТБЖ мен ІБЖ тиімді ұйымдастыруға жауапты болады. Тәуекелдерді басқару үдерісі Қоғамның стратегиялық жоспарлау, операциялық қызмет, инвестициялық қызмет, кредиттік қызмет, бюджеттеу, персоналды ынталандыру тәрізді негізгі бизнес-үдерістерімен өзара іс-қимыл жасауға негізделеді.
3 3	Қоғамда сапалы және сандық тәуекел-тәбеттер, тәуекелдер тіркелімі мен картасы бекітіледі. Тәуекелдер тіркелімінің шеңберінде негізгі тәуекелдерге қатысты төзімділік деңгейі көзделген.
4 4	Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына және бекітуіне шығарылатын тәуекелдер бойынша барлық түйінді мәселелерді қоғамның ДК жанындағы Аудит жөніндегі комитет алдын ала қарайды. Ішкі аудит жөніндегі комитеттің барлық ескертулері мен ұсыныстары пысықталғаннан кейін ғана құжат Қоғамның Директорлар кеңесіне шығарылады. Комитеттің және Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық отырыстары тиісті түрде хаттамаланады.
5 5	Қоғамның қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары тәуекелдерді басқару немесе ішкі бақылау рәсімдерін бұзу немесе дұрыс орындамау, немесе басқа саясаттар, сондай-ақ алаяқтық, ҚР заңнамасын бұзу жағдайлары туралы қоғамның "қызу желісі" сенім телефоны арқылы Аудит жөніндегі комитетке/ДК-ге құпия түрде мәлімдеуге құқылы.
6 6	ІАҚ туралы ережеде Директорлар кеңесіне функционалдық есеп беру көзделген. Функционалдық есеп берушілікті Директорлар кеңесі ІАҚ-ның жылдық және стратегиялық жоспарын, бюджетін, құрамын, еңбекақы төлеу шарттарын бекіту жолымен қамтамасыз етеді. Ереже ІАҚ ішкі аудит көлемін анықтау, жұмыстарды жүргізу және нәтижелер туралы есептілікті ұсыну үдерісіне үшінші тұлғалардың араласуынан еркін болуы тиіс екендігін анықтайды. ІАҚ басшысы ДК-ге араласулар болған жағдайда ақпарат беруі және ықтимал салдарларды талқылауы тиіс


Алайда, талдау нәтижелері бойынша Қоғамдағы корпоративтік басқарудың ағымдағы тәжірибесі Кодекс талаптарына ішінара 3%-ға сәйкес келеді. Қазіргі уақытта Қоғам жаңа Кодекстің төменде көрсетілген негізгі талаптарына ішінара сәйкес келеді және корпоративтік басқару тәжірибесін Кодекстің ережелеріне сәйкес келтіру бойынша келесі іс-шараларды ұсынады:

№	Кодекстің негізгі талаптарына сәйкессіздік салалары	Түсініктемелер және Енгізу үшін іс-шаралар
1.	Директорлар кеңесі жылына кемінде бір рет тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ұйымдастырылу, жұмыс істеу және тиімділік мәселелерін қарастырып, қажет болған жағдайда оны жетілдіру бойынша ұсыныстар беруі керек. Директорлар кеңесінің ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі мәселелерін қарау нәтижелері туралы мәліметтер акционерлерге (қатысушыларға) жылдық есеп құрамында ұсынылады.	I. Қоғамның ДК ТБЖ тиімділігін бағалау мәселесіне арналған жыл сайынғы негіздегі отырысты өткізумен Қоғамның ТБЖ тиімділік көрсеткіштерін бекітеді, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқаруды жетілдіру бойынша сыртқы аудиторлардың қорытындыларына талдау жасайды. II. Ішкі аудит қызметі жыл сайын ДК-ның 2018 жылғы 8 ақпандағы шешімімен (№№1/18 хаттама) бекітілген аттас Әдістемеге сәйкес Топ бойынша ТБЖ/ІБЖ сәйкестігі туралы түпкілікті қорытындыны қалыптастырады. 2021 жылға бұл пікір 2022 жылдың 2 тоқсанында қалыптасады, өйткені ақпарат көздерінің бірі ЕТҰ-дағы және корпоративтік орталықтағы КБ диагностикасының нәтижелері туралы есептер болып табылады.

Қорытынды: Кодекстің негізгі талаптарына сәйкес келмеуіне қатысты Компанияға әлеуетті теріс әсері

1. Қоғамға Қоғамның Біріктірілген жылдық есебін шығарар алдында, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің тарапынан қорытындыны қалыптастыруға қажетті уақытты ескере отырып, ЕТҰ-да корпоративтік басқару диагностикасын жүргізу мүмкіндігін қарастыруы қажет. Өйтпесе, Қоғамның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігіне сенімсіздік салдарына байланысты Қоғамның инвестициялық тартымдылығы төмендеуі мүмкін.

IV. Ашықтық



Төменде Кодекстің "Ашықтық" тарауы бойынша талдау нәтижелері берілген.

Талдау нәтижелері бойынша осы тарау бойынша Компаниядағы корпоративтік басқарудың ағымдағы практикасы Кодекстің талаптарына 97%-ға сәйкес келеді. Бұл ретте Кодекстің бір ережесі Компанияға қатысты қолданылмайды. Жалпы Компания Кодекстің мынадай негізгі талаптарын орындайды:

#	Қоғамның Кодекс талаптарына сәйкестігінің негізгі салалары
1 1	Қоғамда ДК 06.12.2018 жылғы №11/18 шешімімен бекітілген "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" АҚ-ның ақпаратты ашу" қағидалары қолданылады.
2 2	Қоғамда Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 20 мамырдағы №5/21 шешімімен «Жаңа редакциядағы "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" АҚ коммерциялық құпиясын құрайтын мәліметтер тізбесі және "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" АҚ құпия ақпаратын құрайтын мәліметтер тізбесі" бекітілген, сондай-ақ әрбір қызметкер "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" АҚ құпия ақпаратын құрайтын мәліметтерді жария етпеу туралы міндеттемеге қол қояды. Комплаенс қызметі Қоғамның инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар тұлғалардың тұрақты есебін және мониторингін жүргізеді.
3 3	Есептілік талаптарға сәйкес жарияланады. "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" АҚ AIX, KASE және LSE листингіне енгізілген. Компанияның интернет ресурсында AIX, KASE және LSE листингілік ережелеріне (үш тілде) сәйкес қажетті ақпаратты және жауапты тұлғалардың байланыс деректерін қамтитын сайттың "Инвесторларға" жеке бөлімі бар.
4 4	БАҚ-та ақпаратты ашу және ақпаратты "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" АҚ интернет-ресурсында орналастыру ДК 28.11.2019 жылғы №11/19 шешімімен бекіткен Ақпаратты ашу қағидаларымен регламенттелген. Қоғамның акциялары орналастырылған биржалардың талаптарын ескере отырып, ақпаратты ашудың тиісті кестелері жасалды. Қоғамда сондай-ақ Қоғамның ДК 19.10.2018 жылғы № 9/18 шешімімен бекітілген "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" АҚ Ақпаратты ашу саясаты да әрекет етеді.
5 5	Қоғам Кодекстің ережелеріне және үздік әлемдік практикаға сәйкес тұлғалардың кең ауқымы үшін жылдық есепті (біріктірілген жылдық есеп) дайындайды.
5 5	Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізуді қамтамасыз етеді. Қаржылық есептіліктің жыл сайынғы аудиті тәуелсіз аудиторды - аудиторлық ұйым мамандарының біліктілігі жоғары деңгейдегі, қазақстандық, сондай-ақ халықаралық нарықта жұмыс тәжірибесі; сала бизнесі бойынша білімі; қазақстандық, сондай-ақ халықаралық нарықта оң беделі бар, тысқары тұлға ретінде Мүдделі тараптарға қаржылық есептіліктің дұрыстығы және оның ХҚЕС талаптарына сәйкестігі туралы объективті пікір беретін халықаралық аудиторлық ұйымды тарту арқылы жүргізіледі.

Қоғамның сыртқы аудиторын іріктеу конкурс негізінде жүзеге асырылады. Аудиторлық ұйымды таңдау рәсімі "Самұрық-Қазына" АҚ және "Самұрық-Қазына" АҚ Басқармасының 2016 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен бекітілген дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы меншік немесе сенімді басқару құқығында "Самұрық - Қазына" АҚ тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдар үшін аудиторлық ұйымды таңдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. ДК Аудит жөніндегі комитетінің мүшелері сыртқы аудиторды таңдау жөніндегі конкурстық комиссияның құрамына кіреді және конкурс нәтижелерін бағалау процесіне қатысады. Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің сыртқы аудиторды тағайындау және қызметтеріне төлем мөлшері туралы ұсынымдары Директорлар кеңесіне және акционерлердің жалпы жиналысына ұсынылады. ДК Аудит жөніндегі комитеті Компанияның Директорлар кеңесіне төлем мөлшерін, аудит жүргізу мерзімін және аудиторлық ұйымды таңдауды ұсынады.

Қоғам Корпоративтік сайтта: қаржылық есептілік аудиті бойынша қызмет көрсеткен аудиторлық ұйымдардың атауын; шарт бойынша аудиторлық ұйымның сыйақы мөлшері туралы ақпаратты; "Аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясатты" (ДК 01.10.2020 №11/20 хаттамасы) жариялайды, онда аудиторлық ұйымды анықтау, аудиторлық ұйымның негізгі персоналын ротациялау туралы, қаржылық есептілік аудитіне және басқа да ақпаратқа байланысты емес аудиторлық ұйымның қызметтерін мақұлдау туралы және аудиторлық ұйымның бұрынғы қызметкерлерін жұмысқа қабылдау туралы ақпарат қамтылады.

Қоғамның аудитін онымен үлестес емес және оның менеджменті болып табылмайтын аудиторлық ұйым жүзеге асырады. Сыртқы аудитор 2014-2020 жылдары аудитордың объективтілігіне немесе тәуелсіздігіне нұқсан келтірместен семинарлар мен басқа да қызметтерді өткізу бойынша қызмет көрсетті,

олардың құны соңғы үш қаржы жылында қатарынан Топтың аудитіне төленген орташа сыйақы сомасының 70 (жетпіс) %-нан аспайтын соманы құрайды. Қаржылық есептілікті дайындау үдерісіне елеулі әсерін болжайтын басшы лауазымдарға немесе лауазымдарға, аудиторлық команданың бұрынғы мүшелерін олар аудиторлық ұйымнан шығарылғаннан кейін 2 жылдан кейін жұмысқа қабылдау жағдайлары жоқ. Әріптесті ротациялау бекітілген "Аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясатқа" сәйкес және ДК Аудит жөніндегі комитеттің мақұлдауымен (18.02.2019 ж. № 2/19 хаттама) 6 жылдан аспайтын кезеңде жүргізілді.

#	<i>Қорытынды: Кодекстің негізгі талаптарына сәйкес келмеуіне қатысты Компанияға әлеуетті теріс әсері</i>
1	Жоқ.